

**Мәслихаттың 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 278 "Науырзым ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2022 жылғы 5 тамыздағы № 145 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 тамызда № 29090 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2024 жылғы 6 мамырдағы № 112 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 06.05.2024 № 112 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Науырзым ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 278 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1 тармақ:

бесінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерінде."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Г. Абенова*